КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

23 қараша 2023 жыл № 7527-23-00-2/12685 іс Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрелік етуші судья Д.Ж.Аймагамбетова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 23 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «ALDIYAR» Калеев Алдияр Бырымжанұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 23 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «ALDIYAR» Калеев Алдияр Бырымжанұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ALDIYAR» Калеев Алдияр Бырымжанұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «ALDIYAR» Калеев Алдияр Бырымжанұлынан Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 23 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 16 200 теңге тұрақсыздық өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «ALDIYAR» Калеев Алдияр Бырымжанұлынан мемлекеттің пайдасына 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарылған сотқа өзі шешімнің көшірмесін алған кезден бастап бес жұмыс күн ішінде бұл шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар бұл шешімнің күшін жою арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал арыз берілген жағдайда - бірінші сатыдағы сот арызды канағаттандырудан бас тартқан кезден бастап бір ай ішінде Алматы қалалық сотына осы сот арқылы шағым немесе прокурор өтінішхат келтіре алады.

Судья: **Аймагамбетова Д.Ж.**

Құжатқа қол қойылған: Аймагамбетова Д. Ж., 23.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.12.2023, Судья Аймагамбетова Д. Ж., 27.12.2023